

SVEN®
YOU WANT – WE CAN

Қабырғалық кернеу
тұрақтандырғышы

ПАЙДАЛАНУ ЖӨНІНДЕГІ НҰСҚАУЛЫҚ



AVR SLIM-500 LCD
AVR SLIM-1000 LCD

www.sven.fi

Пайдалану жөніндегі нұсқаулық

AVR SLIM LCD

SVEN сауда маркасының қабырғалық кернеу тұрақтандырғышын сатып алғаныңыз үшін рахмет!

АВТОРЛЫҚ ҚҰҚЫҚ

© 2014. SVEN PTE. LTD. 1.0 (V 1.0) нұсқасы.

Осы Нұсқау және соның ішіндегі ақпарат авторлық құқықпен қорғалған. Барлық құқықтар қорғалған.

САУДА МАРКАЛАРЫ

Барлық сауда маркалары олардың заңды иелерінің меншігі болып табылады.

ЖАУАПКЕРШІЛІКТІ ШЕКТЕУ ЖӨНІНДЕГІ ЕСКЕРТПЕ

Нұсқаулық барынша дәл болу үшін барлық күш салынғанына қарамастан, кейбір сәйкессіздіктер болуы мүмкін. Осы Нұсқаулықтың ақпараты «дәл солай» шарттарында берілді. Автор мен баспагер осы Нұсқаулықтағы ақпараттың кесірінен келтірілген залал үшін біреудің немесе ұйымның алдында ешбір жауап бермейді.

МАЗМҰНЫ

1. САТЫП АЛУШЫҒА ҰСЫНЫС	1
2. ҚАУІПСІЗДІК ЖӘНЕ САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫ	2
3. ЖИЫНТЫҚТЫЛЫҚ	2
4. ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ	2
5. СИПАТТАУ	2
6. ҚОЛДАНЫЛУЫ	3
7. ОРНАТУ	3
8. ҚОСЫЛУЫ	4
9. «ПАУЗА» ФУНКЦИЯСЫ	5
10. ЖОҒАРЫ ЖӘНЕ ТӨМЕН КІРЕТІН ТОҚТАН, ШАМАДАН ТЫС ҚОСЫЛҒАН ӨЛЕУЕТТЕРДЕН ЖӘНЕ ҚЫЗЫП КЕТУДЕН ҚОРҒАУ ФУНКЦИЯСЫ	5
11. АҚАУЛАРДЫ ЖОЮ	5
12. ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАР	6

1. САТЫП АЛУШЫҒА ҰСЫНЫС

• Бұйымды ақырын ашып, қораптың ішінде қандай да бір жабдықтар қалып қоймағанын үшін тексеріңіз. Құрылыға залал келмегенін тексеріңіз. Тасымалдау кезінде бұйымға залал келтірілсе, жеткізетін фирмамен хабарласыңыз; бұйым жұмыс істемейтін болса, бірден сатушымен хабарласыңыз.

• Жиынтықтылық пен кепілдік талонның болуын тексеріңіз. Кепілдік талонда дүкеннің мөрі, сатушының анық қойылған қолы немесе дүкеннің мөртабаны және сатылған күні қойылғанын, тауардың нөмірі талонда көрсетілгенмен сәйкес келетініне көзіңізді жеткізіңіз. Есіңізде сақтаңыз, кепілдік талон жоғалып немесе нөмірлері сәйкес келмеген жағдайда Сіз кепілдік жөндеу жасау құқығыңыздан айырыласыз.

• Бұйымды орнатып қолданудың алдында, осы Нұсқаулықты мұқият оқып шығып, пайдалану мерзімі ішінде сақтаңыз.

**Техникалық қолдау www.sven.fi сайтында орналасқан.
Осында Сіз осы Нұсқаулықтың жаңартылған нұсқауын таба аласыз.**

2. ҚАУІПСІЗДІК ЖӘНЕ САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫ

Құрылғыны қолданар алдында міндетті түрде қауіпсіздік ережелерімен танысыңыз:

- Құрылғы корпусын ашуға үзілді-кесілді тыйым салынады – ішінде жоғары ток бар. Қиындықтар туа қалған жағдайда нұсқаулықты оқыңыз немесе өкілетті сервис орталығына хабарласыңыз. Сервис орталықтарының тізімін www.sven.fi сайтынан көре аласыз.
- Құрылғының ішіне сұйық зат төгіліп кетпесін, ток соғуы немесе токтың қысқа тұйықталуы болуы мүмкін.
- Егер дұрыс жұмыс істемей жатса (ұшқын шығарып, бөтен иістер болса және т.б.), бірден жақын маңдағы сервис орталығына хабарласыңыз.
- Тұрақтандырғышқа өзінің максималды қуатынан жоғары қуатты тұтынатын құрылғыны қосуға болмайды. Бұл оны істен шығаруы мүмкін.
- Балаларға тұрақтандырғышты пайдалануға бермеңіз.

Мына жағдайларды тұрақтандырғышты пайдалануға үзілді-кесілді тыйым салынады:

- жеңіл тұтанатын газы бар шаң-тозаңды жайларда;
- Цельсий бойынша 40 градустан жоғары және 0 градустан төмен температурада және де 90 % жоғары ылғалдылық деңгейінде;
- тура түскен күн сәулесі астында және қыздырғыш элементтердің жанында;
- діріл бар жерде және сыртта.
- Өрт бола қалған жағдайда, тек ұнтақты өртсөндіргішті пайдаланыңыз, судан ток соғуы мүмкін.

3. ЖИЫНТЫҚТЫЛЫҚ

- Қабырғалық кернеу тұрақтандырғышы – 1 дана
- Пайдалану жөніндегі нұсқаулық – 1 дана
- Кепілдік талоны – 1 дана

4. ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ


- Микропроцессорлы басқару
- Кіріс кернеуінің жоғары дәлдікті тұрақтандырғышы
- Тұтынушы құрылғыларды желідегі жоғары/төмен кернеуден, жоғары жиілікті және импульсті кедергілерден қорғайды
- Қызып кетуден және токтың қысқа тұйықталуынан қорғайды
- Автотрансформаторды жылымен қорғайды
- Электрлік қоректендіру қайта қалпына келгенде, оны кідірте тұратын (6 немесе 180 сек) «Пауза» функциясы
- Алдыңғы бетте орналасқан кіріс/шығыс кернеуінің сандық индикаторы
- Корпусы жұқа металлдан жасалған, қабырғаға бекітуге болады

5. СИПАТТАУЫ (1, 2 и 3 суреттерді қараңыз)


- ① СЕТЬ (ЖЕЛІ): кірісте кернеу болса, индикатор (жасыл) жанады
- ② СТАБИЛИЗАЦИЯ (ТҰРАҚТАНДЫРУ): егер кіріс кернеуі бейнелеуі қосылмаса, тұрақтандырғышта кернеу жоғары/төмен болғанда, индикатор (сары) жанады
- ③ ЗАЩИТА (ҚОРҒАНЫС): апатты жағдайда (жоғары/төмен кернеуден қорғану үшін ажыратылады, автотрансформаторды жылумен қорғау іске қосылады), индикатор (қызыл) жанады, қосылу кідірілсе, жыпықтайды

Пайдалану жөніндегі нұсқаулық

AVR SLIM LCD



1-сурет. Басқару панелі



2-сурет. Артқы жағы

④ Сандық индикатор: белгіленген шығыс кернеу деңгейін көрсетіп тұрады;

«Н» – жоғары кернеу әсерінен ажыратылғанда көрінеді;

«L» – төменгі кернеу әсерінен ажыратылғанда көрінеді;

«С» – қызып кетуден қорғаныс іске қосылғанда көрінеді;

Уақытша тоқтату кезінде индикатор терезесінде кері уақыт санау бейнеленеді (тұрақтандырғыш қосылғанға дейін).

⑤ I/O: индикаторда кіріс (Input) немесе шығыс (Output) кернеуді бейнелеуді таңдау түймесі

⑥ Қабырғаға бекіту үшін кронштейндер

⑦ Шығатын розетка

⑧ Пауза (Уақытша тоқтату): қосуды кідірте тұруды таңдау түймесі (6 немесе 180 сек): түймені басып тұрса, кідірту уақыты 180 сек құрайды, баспаса – 6 сек

⑨ RESET/OFF: биметаллды ажыратқыш

⑩ Қоректендіру сымы

6. ҚОЛДАНЫЛУЫ

Кернеу тұрақтандырғышы әртүрлі тұтынушы-құрылғыларды сапалы әрі тұрақты электр қуатымен қамтамасыз етуге, тұтынушы-құрылғыларды жол беруге болмайтын қоректену кернеуі ауытқуларынан, жоғары жиілікті және импульсті кедергілерден қорғауға арналған.

7. ОРНАТУ


Маңызды! Тұрақтандырғышты орнатар алдында барлық тіреу элементтерінің қабырғаға берік бекітілгеніне көз жеткізіңіз!

• Қабырғаға бекітуге сенімді болу үшін қабырға қандай материалдан (ағаш, кірпіш, бетон, гипсті картон және т. б.) салынғанын анықтап алу қажет.

• Тұрақтандырғыштың қуат сымның ұзындығын (1,25 м) ескере отырып, оны желі розеткасына жақынырақ орналастыру керек.

• Сосын тұрақтандырғыштың артқы жағындағы (2-сурет) кронштейннің ⑥ орналасқанына қарай қабырғаға бекіту элементтерін (жеке сатып алу керек) орнатыңыз.

• Енді тұрақтандырғышты бекіту элементтеріне орнатыңыз.




3-сурет. Бүйір жағы

8. ҚОСЫЛУЫ

Маңызды! Тұрақтандырғышты қосардың алдында оған қосылған барлық тұтынушы-құрылғылардың ажыратылғанына, ал тұрақтандырғыштың ⑨ ажыратқышы «OFF» түрінде тұрғанына көз жеткізіңіз.

• Тұрақтандырғышты қосарда барлық ток тұтынушыларының жалпы қуаты тұрақтандырғыш қуатынан төмен екеніне көз жеткізіңіз. Сонымен бірге, жіберілетін әлеуеттер мен тұтынушылардың қуат факторын ескере отырып, қуат қорын 1,2-1,5 коэффициентімен, ал тоңазытқыш, кондиционер сияқты басқа да құрылғылар үшін – 1,5-2 есе қамдау керек.

Назар аударыңыз! Тұрақтандырғыш таңдарда, кіріс кернеуі азайса, кіретін ток шамасы көбейетінін, осыдан барып, токты автоматты реттеуішінің максимальды қуаты да азайатынын білу керек! Бұл тәуелділік схема түрінде графикада көрсетілген:



Ескерту. Бұл тәуелділікті қатаң ұстаныңыз. Осы жағдайды сақтамасаңыз, кепілдік жөндеу құқығынан айрыласыз!

- Тұрақтандырғыштың қуат сымын ⑩ желі розеткасына салыңыз.
- Тұрақтандырғышты ⑨ ажыратқышы арқылы қосыңыз (RESET түріне).
- Дұрыс қосылса, индикатор ① жанады, ал қызыл индикатор ③ жыпықтайды. Бір уақытта сандық индикатор ④ кідірту уақытының өткенін бейнелейді. Жалпы кідірту уақыты «Пауза» (Қосу./Ажырат.) ③ түймесі түріне қарай 6 немесе 180 сек құрайды. Кідірту уақытының өткеннен кейін қызыл индикатор ③ өшеді де, сандық индикатор ④ тұрақтандырғыш шығысындағы кернеуді көрсетеді. Осыдан кейін барып қана қосылған тұтынушы-құрылғыларды қосуға болады.
- Желідегі кернеу тұрақтандырғыш шегінен асып кетсе (төменгі шегі 140 В, жоғарғы шегі 260 В) индикатор ③ жанады, тұрақтандырғыш жүктемені автоматты түрде ажыратады, ал ④ индикаторда «L» немесе «H» көріненді.

Назар аударыңыз! Желіде ток жоғалып кетсе, тұрақтандырғышты және оған қосылған барлық тұтынушы-құрылғыларды ажырату ұсынылады.

9. «ПАУЗА» ФУНКЦИЯСЫ

• Бұл функция электрмен қоректендіру жиі жоғала берген кезде жабдықтарды қорғауға арналған. Бұл, әсіресе, электрлік қозғалтқыштары немесе компрессорлары бар тұтынушы-құрылғылар үшін аса маңызды. Электрмен қоректендіру қайта қалпына келген кезде тұрақтандырғыш мөлшермен «Пауза» (Қосу./Ажырат.) ③ түймесі түріне қарай 6-180 секундтан кейін қосылады.

10. ЖОҒАРЫ ЖӘНЕ ТӨМЕН КІРЕТІН ТОКТАН, ШАМАДАН ТЫС ҚОСЫЛҒАН ӘЛЕУЕТТЕРДЕН ЖӘНЕ ҚЫЗЫП КЕТУДЕН ҚОРҒАУ ФУНКЦИЯСЫ

• Тұрақтандырғыш жоғары және төмен кернеуден қорғаудың бірегей схемасымен жабдықталған. Желідегі кернеу 260 В жоғары немесе 140 В төмен ауытқыса, жүктеме автоматты түрде ажыратылады. Бұл кезде ③ қызыл индикатор жанады, ал ④ индикаторда «Н» белгісі көрінеді (жоғары кернеуде қорғау іске қосылғанда) немесе «L» белгісі (төмен кернеуде қорғау іске қосылғанда). Кіріс кернеуі 140-260 В диапазонына келгенде тұрақтандырғыш автоматты түрде қайтадан жұмысын бастайды.

• Қызып кетсе немесе қысқа тұйықталу болса, биметалды ажыратқыш ⑨ іске қосылады. Қызып кету немесе қысқа тұйықталу себептері жойылғаннан кейін, ажыратқыш ⑨ түймесін басса (RESET түріне), тұрақтандырғыш жұмысын қайта жандандырады.

11. АҚАУЛАРДЫ ЖОЮ

Проблема	Себебі	Шешімі
Тұрақтандырғыш қосылмайды.	1. Ажыратқыш қосылмаған. 2. Желіде ток жоқ. 3. Биметалды ажыратқыш ⑨ іске қосылды.	1. Тағы бір рет басыңыз. 2. Қоректену кернеуінің бар екеніне көз жеткізіңіз. 3. Жүктемелердің біраз бөлігін ажыратып, тұрақтандырғышты қайта қосыңыз.
Тұрақтандырғыш қосылды, бірақ шығатын ток жоқ.	Тұрақтандырғыш жарамсыз.	Егер мәселе шешілмесе, сервис-орталығына хабарласыңыз.
Тұрақтандырғыш жиі сыртылдайды.	Кіріс кернеу өте тұрақсыз.	Тұрақтандырғыш шығыс кернеуді реттейді.

Егер жоғарыда көрсетілген амалдардың ешқайсысы мәселені шешпесе, мамандар кеңесіне жүгініңіз. Өз бетіңізбен бұйымды жөндемеңіз.

12. ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАР

Параметрлер	Үлгері	AVR SLIM-500 LCD	AVR SLIM-1000 LCD
Максималды шығыс қуаты, Вт*		400	800
Биметалды ажыратқышты іске қосу тогы, А		5	7
Кіріс кернеуі, В		~140 – 260	
Кіріс жиілігі, Гц		50	
Шығыс кернеуі, В		~220 ± 8 %	
Шығыс жиілігі, Гц		50	
Қосып-ажырату уақыты, мсек		≤ 10	
Қорғаныс		желідегі жоғары/төмен кернеуден, жоғары жиілікті және импульсті кедергілерден, қызып кетуден және қысқа тұйықталудан; кіріктірілген жылылық қорғаныс	
Қоршаған орта температурасы, °С		0 ~ 40	
Салыстырмалы ылғалдылық, %		10 ~ 90 (конденсациясыз)	
Өлшемдері, мм		290 × 175 × 60	
Салмағы, кг		2,35	2,9

* Кернеу тұрақтандырғышының шығыс қуаты 187 В (220 В – 15%) кіріс кернеуіне нормаланады (МемСТ 27699–88 талаптарына сәйкес).

Ескертулер:

- Кестеде келтірілген техникалық сипаттамалар анықтамалық және наразы білдіру үшін негізі болып табылмайды.
- SVEN сауда маркасының өнімдері үнемі жетілдіріледі. Сол себептен техникалық сипаттамалар алдын ала ескертілмей өзгеруі мүмкін.

Қабырғалық кернеу тұрақтандырғышы

SVEN®
YOU WANT – WE CAN



Үлгері: **AVR SLIM-500 LCD, AVR SLIM-1000 LCD**
Импортёрлер СМ SVEN Қазақстан
республикасында:

«ST Networks» ЖШС, Қазақстан Республикасы,
050013, Алматы, Республика алаңы, Фурманов
көшесінің бұрылысы, уй 13/195, 13Б кеңсе,
тел.: +7 (727) 266 36 13, e-mail: info@stn.kz.
«Alon Logistics» ЖШС, Қазақстан Республикасы,
Алматы қаласы, Мақатаев көшесі, 117.

Сапа жөніндегі талап-тілектерді Қазақстан
Республикасы аумағында «О-Си-Эс Казахстан»
ЖШС-гі қабылдайды. Мекенжай: Қазақстан Рес-
публикасы, Алматы қаласы, Мақатаев көшесі, 117,
тел.: +7 (727) 352-86-68, e-mail: kz@ocs.ru.

Өндіруші: «СВЕН ПТЕ. Лимитед», 176 Джу Чиаг Роуд,
№02-02, Сингапур, 427447. «Свен Скандинавия
Лимитед» бақылауымен өндірілді, 48310,
Финляндия, Котка, Котolahdentие, 15.

Manufacturer: SVEN PTE. LTD, 176 Joo Chiat Road,
№ 02-02, Singapore, 427447. Produced under the
control of Oy Sven Scandinavia Ltd. 15, Kotolahdentie,
Kotka, Finland, 48310. Made in China.

© Registered Trademark of Oy SVEN
Scandinavia Ltd. Finland.

AVR SLIM-500 LCD
AVR SLIM-1000 LCD